

**«№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК-ның «Сыбайлас жемқорлық құқық
бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында қызметкерлерге түсіндіру бойынша**

**жиналыс
ХАТТАМАСЫ**

12.08.2026 жыл

Атырау қаласы

Өткізілген орны: «№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК ғимараты

(мекен-жайы: Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39)

басталу уақыты: сағ: 15:30

аяқталу уақыты: сағ: 16:12

Төрағалық етті: Емхана директоры Г.Танбаева

Отырысқа қатысушылар: емхана әкімшілік бөлімі қызметкерлері, бөлім меңгерушілері мен
аға медбикелер (21 адам).

Күн тәртібі: Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың алдын алу

Жиналысты емхана директоры ашты.

Г.А.Танбаева: Құрметті әріптестер. Өздеріңіз білесіздер, күнделікті күн тәртібінен түспейтін мәселе ол сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алу, қызмет барысында жемқорлық тудырушы факторларды жою. Емханамыз бойынша жұмыстар атқарылуда. Ешқандай сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі осы уақытқа дейін тіркелмеді, бірақ осы бағыттағы жұмысты күшейте беруіміз қажет. Өйткені күн өткен сайын заңнама талаптары да күшейтіліп, мемлекеттік кәсіпорын ретінде қойылар сұраныс пен талап бар. Сондықтан әр маман өз түйсігімен, сана деңгейінде жемқорлыққа нөлдік төзімділік қалыптастырып, еңбекте соны ұстану тиіс.

Келесі сөзді спикер комплаенс офицер А.Кумаргалиеваға берді.

Комплаенс офицер А.Кумаргалиева:

Ағымдағы жылдың 1-наурызынан бастап «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) күшіне енді.

Осы Заң Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдарының және азаматтарының құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды.

Заңның 4-бабына сәйкес келесі міндеттер айқындалған:

- адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүддесін құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз ету;
- құқық бұзушылық деңгейін төмендету;
- құқық бұзушылықтың алдын алу, жолын кесу;
- құқықтық мәдениет деңгейін арттыру және заңға бағынатын мінез-құлықты қалыптастыру;
- құқық бұзушылық профилактикасы жүйесін жетілдіру, сондай-ақ оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу және жою.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган саламатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі саясатты қамтамасыз етеді.

Денсаулық басқармасы Заңның 9, 24-баптарында құқықтарын басшылыққа алып барлық медициналық ұйымдар басшылары және қызметкерлерін өзге медициналық ұйымдарда орын алған құйтырқы қылмыстық деректерді соның ішінде қаржылық алаяқтық, жалған қызмет көрсету арқылы әлеуметтік медициналық сақтандыру ақысын жымқыру, мүлікті талан-таражға салу, қалыпты қызметі үшін халықтан заңсыз ақы алу және жемқорлық секілді әрекеттерге жол бермеу қажеттілігін ресми ескертіп, түсіндіреді.

Басқармаға қарасты барлық медициналық мекеме басшыларына құқық бұзушылықтарға жол бермеу шараларын дер кезінде әрі өтімді қолданбағаны үшін жеке жауапкершілік қаралатыны қатаң ескертілді.

Құқық бұзушылықтардың алдын-алу мақсатында енгізіледі және комплаенс офицерлердің нәтижелі қызметін күшейту тапсырылды.

«Заң мен тәртіп» тұжырымы аясында халық сеніміне ие болып заңды әрі сапалы медициналық көмекті ұйымдастыру қажет.

Сонымен қатар, Атырау облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің (бұдан әрі - ЭТД) өндірісімен аяқталған ҚК-нің 190-бабының 3-бөлігі, 4-тармағы және 247-бабы 1-бөлігі, 247-бабының 2-бөлігімен тіркелген №252300011000016 және №262300121000005 қылмыстық істері бойынша ҚПК-нің 200-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсынуы таныстырып, назарға алу үшін хабарланды.

Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықпен күрестің нормативтік құқықтық базасын білуге, құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеуге, жемқорлықтың әр түрлі іс-әрекеттеріне қарсы шығуға дайын болу керектігін ұғындырды. Комплаенс офицер А.Кумаргалиева қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілерін жол бермеу бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар күшейту мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіліп әрбір бөлімшелерге үнемі тексеріс жүргізілетінін атап өтті.

Әр қызметкер білуі тиіс:

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр-түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу;

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресі барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Шешім етті:

1. Әрбір қызметкер өз жұмысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы Әдеп кодексін басшылыққа алып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары мен болдырмауын үнемі жұмыстарын жүргізу.

2. Емхананың бөлімше меңгерушілеріне, қызметкерлерге қатаң қадағалау жүктеу.

Төрайым:



Г.Танбаева

Комплаенс офицер:



А.Кумаргалиева